

Г. Қ. Қайдарова,
ҚМҚЫЗПУ, Алматы, Қазақстан

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ БУЫН ҚҰРАМЫНДАҒЫ Артикуляциялық ерекшеліктері

Қазақ тіліндегі дауыссыздардың буын құрамындағы артикуляциялық түрленімі фонетикада арнайы қарастырылмаған. Бірлі-жарым зерттеулер негізінен буынның акустикалық көрсеткіштерін талдауға арналған. Ал буынның бастау көзі артикуляция екенін ескерсек, онда кез-келген зерттеу алдымен артикуляцияға арналу керек. Тіл бірліктерінің, оның ішінде буынның, алдымен артикуляциялық мазмұны ашылмаса, зерттеу нәтижелері толық болмайды.

Буын құрамындағы дауыссыздардың әуез түрленімінің артикуляциялық негізін сипаттап шығу үшін арнайы инструментал программа жасалғанына жоғарыда тоқталдық. Программаның негізгі мақсаты буын құрамындағы дауыссыздардың тірек дауыстымен артикуляциялық ұласу жолдарын анықтау болатын. Сондықтан да буын құрамындағы дауыстылардың сол құрамдағы дауыссыздың артикуляциясына ықпалын анықтау жолында әртүрлі амалдар қолданылды. Соның бірі дауыссызға алды-артындағы дауыстылардың артикуляциялық әсерін табу болды. Ол үшін буынның дыбыстық құрамын өзгертіп отыруға тура келді. Мысалы, *АТ* бір буынды сөз. Ендеше *Т* дауыссызы өзінен бұрын тұрған дауыстымен тығыз артикуляциялық байланыста екені күмәнсыз болып табылады. Ал енді *АТА* сөзінің құрамында екі буын бар. Дауыссыз біркелкі дауыстының ортасында тұр. Ендеше дауыссыздың қай дауыстының артикуляциялық ықпалында екенін тап басып, көрнекі (иллюстратив) түрде сендіре айту қиын болады. Бұл жерде буынды көкірек көзімен (интуитив) бөліп беру жеткіліксіз. Оның көрнекі дәлелі тағы керек. Өйткені буын мәселесі жалпы фонетикаға (общая фонетика) барып ұласады, ал жалпы лингвистика мамандары қазақ тілінің буын жігін түйсіне бермеуі анық. Сонымен қазақ тілінің буын табиғатын артикуляциялық тұрғыдан түсіндірудің амалын қарастыруға тура келеді.

Сөз жоқ, буын құрамындағы дыбыстардың арасындағы артикуляциялық байланыс – жалпы лингвистикалық құбылыс. Алайда буын

құрамындағы дыбыстардың артикуляциялық байланысының түрлері әр тілде әртүрлі болады. Сөйтіп тілдердің өзара ерекшеліктерінің бір белгісі буынға келіп тіреледі.

Бұл мәселені шешу үшін өз тұсымыздан "әуез бірлігі" (тембральная общность, целостность) деген ұғым ендіріп отырмыз. Оның негізгі мазмұны қазақ тіліндегі буын белгілі бір әуезбен айтылады, ендеше сол буын құрамындағы дыбыстар өзара тығыз артикуляциялық байланыста болады. Сол артикуляциялық байланыстың түрін табу керек.

Қазақ тіліндегі буын әуезінің құрамы мен жүйесін анықтап алған соң, соған лайық инструментал материал құрастырдық.

Мысалы, жоғарыдағы бір буынды *АТ* сөзін төмендегідей етіп түрлендірдік:

$AT > ATA > ATY > AT^oY$ (атүү)

Сонда бастау буын-сөздегі дауыссыз енді келіп үш түрлі фонетикалық жағдайға түсті: ашық, езулік, жуан *A – T* – ашық, езулік, жуан *A*; ашық, езулік, жуан *A – T* – қысаң, езулік, жуан *Ы*; ашық, езулік, жуан *A – T^o* – қысаң, еріндік, жуан *Ү*. Енді осы сөздердің салыстырмалы артикуляциялық моделін жасаймыз (16, 17 сурет), сонан соң олардың акустикалық көрінісін талдаймыз. Артикуляциялық талдауды акустикалық нәтижелермен пысықтап отырамыз. Дауыссыз қай дауыстымен әуездес шықса, сол екі дыбыс өзара буын құрап тұр деген сөз. Әрі қарай артикуляциялық сипаттамасын акустикалық талдаудың нәтижесімен тиянақтап, белгілі бір қорытындыға келу ғана қалады.

2.2.3.1 Жуысыңқы дауыссыз дыбыстардың буын құрамындағы әуез түрленімі.

Жуысыңқы дауыссыздарды алуда мән бар, өйткені олардың артикуляция-акустикалық көрінісі тоғысыңқы дауыссыздарға қарағанда анық шығады. Бұл зерттеу жұмысын біршама жеңілдетудің және оның көрнекілігін арттырудың амалы болып табылады. Тіл жүйе болғандықтан, жуысыңқы дауыссыздардың негізінде алынған зерттелім нәтижелері тоғысыңқы дауыссыздарға да тән болып шығады.

Сөйгіп екеуіне де ортақ қорытынды жасауға болады.


Алдымен бір буынды $YIII^\circ$ сөзін алып, төмендегідей етіп түрлендіреміз:

$YIII^\circ > YIIAQ > YII^{\circ}YK^\circ$


Сонда бастау буын-сөздегі дауыссыз енді келіп екі түрлі фонетикалық жағдайға түсті: қысаң, еріндік, жуан $Y - III^\circ$ – ашық, езулік, жуан A ; қысаң, еріндік, жуан $Y - III^\circ$ – қысаң, еріндік,

жуан Y . Енді осы сөздердің салыстырмалы артикуляциялық моделін жасаймыз, сонан соң олардың акустикалық көрінісін талдаймыз.

Бір буынды $YIII^\circ$ сөзінің құрамындағы дауысты-дауыссыздың артикуляциялық жалғастығы күман туғызбайды. Буынның әуез сипаттамасы құрамындағы дыбыстардың артикуляциялық белгілерінен шығады (18-сурет).



16 - сурет [ты] буынының құрылымы



17 - сурет [тү] буынының құрылымы

Мұндағы тірек $[y]$ дауысты дыбысын айтқанда тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай тіл арты (үстіңгі қатардағы төртінші кейінді белгі), тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай қысаң (оң қанаттағы екінші қысаң белгі), ерін дөңгеленіп тұрады, ерін қатысына қарай еріндік (сол қанаттағы төртінші қысаң, еріндік белгі), дауыс шымылдығы толық тербеледі, дауыс шымылдығының қатысына қарай дауысты (көмейдегі жоғарғы толық толқын сызық белгі). Сонымен оның әуез белгілері: қысаң, еріндік, жуан, жалаң.

$YIII^\circ$ буынының құрамындағы $[u]$:

- Дауыссыз дыбыс тіл ұшы арқылы жасалып, оның жасалуына тіл ұшы қатысады, сөйтіп ауыз қуысындағы жасалу орны тіл ұшы болуынан;

- Сөйлеу мүшелерінің өзара жуысуы арқылы жасалып (тіл ұшы мен күрек тіс жуысады), оның жасалу тәсілі жуысым болады, сөйтіп жасалу тәсіліне қарай жуысыңқы болуынан;

- Дауыс шымылдығы тербелмейді, оның жасалуына дауыс қатыспайды, сөйтіп дауыс қатысына қарай қатаң айтылуынан;

- Тілдің дөңес тұсы ауыз қуысында кейін шегініп, көмейге жақын жатады, сөйтіп тілдің ауыз қуысында кейін шегініп жатуынан;


- Тілдің дөңес түсы ауыз қуысында жоғары жатады, сөйтіп тілдің ауыз қуысында жоғары жатуынан;

- Жуысым біте салысымен ерін қысаң ашылып, дөңгеленіп тұрады (ерінмен айтылады), сөйтіп еріннің дөңгеленіп тұруынан *[u]* дауыссыз дыбысы жасалады.

Ендеше *[u]* дауыссыз дыбысы ауыз қуысындағы жасалу орнына қарай тіл ұшы, сөйлеу мүшелерінің өзара қалпына қарай жуы-

сыңқы, дауыс қатысына қарай қатаң, тілдің көлденең қалпына қарай кейінді, тілдің тік қалпына қарай жоғарылы, ерін қатысына қарай қысаң еріндік болып жасалады.

[u] дауыссыз дыбысының *артикуляциялық белгілерінің жүйесі*: жасалу орнына қарай – тіл ұшы, жасалу тәсіліне қарай – жуысыңқы, дауыс қатысына қарай – қатаң, тілдің көлденең қалпына қарай – кейінді, тілдің тік қалпына қарай жоғарылы, ерін қатысына қарай қысаң еріндік.



18 - сурет *[u]* сөзінің буын құрылымы

[u] дауыссыз дыбысының *артикуляциялық белгілерінің құрамы*: тіл ұшы, жуысыңқы, қатаң, кейінді, жоғарылы, қысаң еріндік.

Буын құрамындағы *[u]* дауыссыз дыбысы тіл ұшы арқылы жасалады, ауыз қуысындағы жасалу орнына қарай тіл ұшы (үстіңгі қатардағы екінші тіл ұшы белгісі), тіл ұшы мен күрек тіс өзара жуысады, сөйлеу мүшелерінің өзара қалпына қарай жуысыңқы (оң қанаттағы төртінші жуысыңқы белгі), дауыс шымылдығы тербелмейді, дауыс шымылдығының қатысына қарай қатаң (көмейдегі төменгі тік сызық), тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай кейінді (үстіңгі қатардағы төртінші кейінді белгі), тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай жоғарылы (оң қанаттағы екінші қысаң белгі), ерін дөңгеленіп тұрады, ерін қатысына қарай қысаң еріндік (сол қанаттағы төртінші қысаң еріндік белгі).

Әрі қарай дауысты-дауыссыздың артикуляциялық белгілерін топтай келіп, буын әуезіне қатысты белгілерді бөліп аламыз.

Буын табиғатын сөз еткенде буын құраушы (буын құрауыш) дауысты екенін айту мен буын түрлерін ғана жіктеп шығу жеткіліксіз

болады. Буын акустикасының жалаң нәтижелері де мәселені шешіп бере алмайды. Қазақ тіліндегі буын табиғатының өте қарапайым сипатталып келе жатқандығы да сондықтан. Қарапайым сипаттаудың нәтижелері мектеб оқулықтарына жарағанмен, теориялық фонетиканы қанағаттандыра алмайды.

Оқулықтар мен оқу құралдарындағы (тіптен көптеген теориялық еңбектердегі) буын жігі мен әріп-таңбалардың дыбыс құрамының анықтала алмай жүргендігі де буын табиғатын дұрыс түсінбегендіктен болып жатыр.

Буын құрамындағы дыбыстардың жасалымын бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Себебі буын құрамындағы дыбыстар бір-бірімен тығыз артикуляциялық байланыста болады. Буын құрамындағы дыбыстардың өзара артикуляциялық ықпалы өте күшті. Олар бір-біріне икемделіп жатса да немесе бірінің артикуляциясын бірі өзгертіп жатса да қосақталып жүреді.

Сөздердің жалпы айтылым түрқы буын артикуляциясына тікелей байланысты.

Буын құрамындағы дауыссыз дыбыс екінші бір буынның құрамына ауысатын болса, онда ол сол буынның артикуляциялық үлгісіне бейімделіп отырады. Жеке буынның үстеме артикуляциялық белгілері сол буынның

құрамындағы дыбыстардың үстеме артикуляциялық белгілерін көрсетеді. Соның нәтижесінде буын артикуляциясы жеке дыбыстар мен бүтін сөздің артикуляциясының негізін құрайды.

1. Джунисбеков А. Проблемы тюркской словесной

просодии и сингармонизм казахского слова. Автореф. Дис. ... д-ра филол. наук. – Алма-Ата, 1988.

2. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 11-15

3. Трубецкой Н. Основы фонологии. – Москва, 2000. – 352 стр.

4. Утебаева З. Фонетическая структура слога в казахском языке (экспериментально-фонетическое исследование). Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Алма-Ата, 1988. 19 с.

Г. К. Кайдарова

Артикуляция согласных звуков в составе слога

В статье рассматривается проблема артикуляции согласных звуков казахского языка в составе слога.

G. K. Kaydarova

ARTICULATION OF CONSONANTS IN THE CONTENT OF SYLLABLE

This article deals with the problem of articulation of consonant sounds of the Kazakh language in the content of a syllable.

Н.Д. Қошанова,

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, ф.ғ.к.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАСТАУЫШТЫҢ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДЕН ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін арнайы қарастырған ғалым Т.Сайрамбаев қазақ тіліндегі бастауыштың жасалу жолдарын төмендегіше топтастырады:

1. Жеке сөз таптарынан болған дара бастауыштар.

2. Көмекші есімді күрделі бастауыштар.

3. Көмекші етістікті күрделі бастауыштар.

4. Шылау сөзді бастауыштар.

5. Модаль сөзді бастауыштар.

6. Түйдекті тіркесті бастауыштар.

Бастауыштың мұндай жасалу жолдарын сығымдай түссек, үлкен үш топқа топтастыруға болар еді деп көрсетеді:

1. Дербес мағыналы сөздер арқылы.

2. Дербес мағыналы сөз + көмекші сөз арқылы.

3. Тұрақты тіркестер арқылы [1:114].

Бастауыштық тұлға – атау тұлғасы. Әйтсе де, Ж.Болатов атау тұлғасы тек бастауыштың ғана тұлғалық көрінісі емес, атау тұлғалы сөз мағынасына, орнына қарай анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, баяндауыш қызметтерін де атқара береді деп көрсетеді [2]. Әрине, атау тұлғасы басқа септік тұлғаларының нольдік тұлғада [3:29] берілуімен шатастырылады.

Бастауыш болатын сөз атау тұлғада тұрып бастауыш болады. Десе де ол сөздер түбір тұлғада, көптік тұлғада, тәуелдеулі қалпында тұрады. Тұрақты тіркестер де осы тұлғалық сипатқа ие.

Атау (нольдік) тұлғалы тұрақты тіркестердің бастауыш болуы дегенде тұрақты тіркестердің соңғы сыңарына көңіл бөлеміз.

Көп жағдайда тұрақты тіркестерді сөйлемдегі синтаксистік қызметіне қарай талдағанда, тұрақты тіркестердің критерийіне жауап бер-

мегеніне қарамастан, қолданылу аясы тұрақты, білдірер мағынасының тұтастығы, сөйлемдегі синтаксистік шартты мағынасы ескеріледі. Мысалы: Оның осы сырт пішінінде жайсаң *сері мінез* бар (М.Дүзенов). Алдымда бәсеке деген екі тосқауыл кезең тұр. Бірінен өту үшін түгі шыққан жүрек, *балуан білек* керек (М.Әуезов). Алып қашса, құдайға шүкір, ауылдағы бір *шөп желке* азайды (газеттен). Жарманы кесіп өтетін *табан жол* көзге айқын шалынды (Н.Сералиев). Тепсе темір үзетін *атан жілік* айналдырған аз жылдың ішінде аш аруаққа айналды (О.Бөкеев).

Сын есім + зат есім құрамды тұрақты тіркестерден де бастауыштар көптеп жасалады: